

жартылай шынжыр табаны бар және қос барабанды); НК-6 (сыңар барабанды, өздігінен жүретін СШ-150 шассиге асылып орнатылады); СКГ-6 (шынжыр табанды, күрішке және дәнді дақылдарға арналған). «Колос» комбайндарының өнімділігі 6—8 кг/с 1971 жылдан бері өндірісте.

5. Жаткалар. Комбайн жаткаларының (хедерлерінің) бәрі бір түрде жасалған. Жаткалардың бір-бірінен айырмашылығы тек алым енінде (3,2; 4,1; 5; 6 және 7 м) ғана. Дестелеуін жаткалар хедерлерге қарағанда өз алдына жеке машина болып табылады және алым ені мен конструкциясы жөнінен бір-бірінен едәуір айырмашылықтары бар.

Ауыл шаруашылығында ЖВН-6, ЖВН-10, ЖВН-6-12, ЖНС-6-12, ЖВ-15, ЖШН-6, ЖБА-3,5А, ЖНУ-4, ЖНТ-2,1 аспалы дестелеуін жаткалары пайдаланылады. Алғашқы жетеуі комбайндарға немесе өздігінен жүретін шассийлерге, ал басқалары тракторға асылып орнатылады. Сонымен қатар тракторға тіркелетін ЖРБ-4,9 және ЖРС-4,9 жаткалары да пайдаланылады.

6. Ж и н а у ы ш т а р. Жинауыштардың екі түрі пайдаланылады: барабанды (СК-3У және 54-102) және ППТ-3 немесе ППТ-2,4Б кенепті-транспортёрлі жинауыштары. Барабанды жинауыш комбайн комплекстеріне кіреді, ал кенепті-транспортёрлі жинауышты заказ арқылы алады. Комбайн массасы. Комбайндар массасы мынадай: СК-4 және СК-4А (шөмелелегіші бар және алым ені 4,1 м жаткасымен) — 6150 кг; СКД-5 (шөмелелегіші бар, кабинасымен және алым ені 4,1 м жаткасымен) — 7450 кг; СК-5 және СК-6 (шөмелелегіші, қалыпты бөлгіші бар және кабинамен, сондай-ақ алым ені 5 м жаткамен және редукторсыз барабанды) тиісінше 7720 + 5% және 8721 кг; СК-6-II және СКПР-6 (шөмелелегішпен және алым ені 6 м жаткасымен) тиісінше 9440 және 10 866 кг. Молотилканың ені. СК-4, СК-5, СКД-5 комбайндары мен олардың модификацияларының алым ені 1200 мм, ал СК-6-II комбайнымен олардың модификациялары молотилкасының алым ені 1500 мм.

Жақа немесе жөндеуден шыққан крмбайнды 30 сағат жүргізіп байқайды. Жүргізіп байқаудағы мақсат — үйкелетін детальдарды жұмысқа қосу және барлық механизмдердің дұрыс жұмыс істей-тіңдігін тексеру. Үйкелетін детальдарды негізгі жұмысқа қосу алғашқы 2—3 сағатта жүзеге асырылады, сондықтан жүргізіп байқаудың бастапқы кезеңінде двигатель айналысы төмен болуға тиіс. Жүргізіп байқау процесінде дән ысырабын жасауы мүмкін деген құрылғылар мен нығыздалған жерлерді тексеру керек. Сонымен бірге алда тұрған егін жинау науқанымен санаса отырып комбайнды ең пайдалы реттеуден өткізуді ойластырып қою қажет. Жүргізіп байқау алдында деканы шегіне жеткенше төмен түсіру керек, элеватордың төменгі қақпағын ашып, комбайнды қолмен от алдыру керек. Содан кейін двигательді от алдырып, комбайнды тұрған орнында 3 сағат жүргізіп байқайды. Оны кішіайналыс жиілігінен бастайды. Егер барлық механизмдер түзу жұмыс істеп тұрса, онда двигательдің айналыс жиілігін бірте-бірте ұлғайтып, қалыпты жағдайға дейін жеткізеді. Жұмыс органдарын тексеру үшін әр 20 минут сайын оларды ажыратып отырады. Бұдан кейін жүріс бөлігін іске қосады және комбайнды жүріп келе жатқанда зая жүріспен — екінші және үшінші берілістерде, жатка мен қалбағайды кезендік көтере және түсіре отырып, сондай-ақ шөмелелегіштің артқы клапанын жауып және аша отырып сағат жүргізіп байқайды. Бұл ретте қалбағай мен "жүріс бөлігі вариатор-ларының жұмысын тексеру керек. Жүргізіп байқау аяқталған соң двигатель картеріндегі майды ағызып тастайды; картерді, центрифуганы және жанар майды іші-нара тазарту сүзгісін дизель жанар майымен немесе керосинмен жуады; картерге жаңа май құяды; цилиндр қаппасының бекітулерінің тартылуын, клапандардағы саңылауларды, двигатель ілі-нісінің реттеулерін, комбайнның басқа да тораптарының бекітуі мен қызметін тексереді. Жүргізіп байқауды әдетте орақ науқанына дайындықпен қатар жүргізеді. Ал комбайнды орақ кезінде 25 сағаттан (жалпы алғанда 30 сағат) артық жүргізіп байқайды. Бірінші күні егістікте жүргізіп байқағанда комбайнға алғашқыда 25—30 процент (бірінші берілісте) жүктеме түсіреді, ал бірінші жұмыс күнінің аяғында жүктемені 50 процентке дейін жеткізеді. Екінші күнді толық емесі жүктемемен